$$h_1 = (b_1 - b_2) \frac{Z_2}{2\pi} = (26 - 22,7) \frac{40}{2\pi} = 20,98\text{мм}. \quad (2.41)$$

Ротордың ойығының  $h_{П2}$  толық биіктігін есептейміз:


$$h_{П2} = h'_{ш} + h_{ш} + \frac{b_1}{2} + h_1 + \frac{b_2}{2} = 0,3 + 0,75 + \frac{26}{2} + 20,98 + \frac{22,7}{2} = 46,38 \text{ мм.} \quad (2.42)$$

$q_c$  өзектің көлденең қимасын анықтай:

$$\begin{aligned} q_c &= \frac{\pi}{8} (b_1^2 + b_2^2) + (b_1 + b_2) \frac{h_1}{2} = \\ &= \frac{\pi}{8} (26^2 + 22,7^2) + (26 + 22,7) \frac{20,98}{2} = 975,4 \text{ мм}^2. \end{aligned} \quad (2.43)$$

$J_2$  өзектегі ток тығыздығын анықтау:

$$J_2 = \frac{I_2}{q_c} = \frac{1250}{975 \cdot 10^{-6}} = 1,28 \cdot 10^6 \text{ А/м}^2. \quad (2.44)$$



10 сурет – Жобаланған қысқа тұйықталған роторлы қозғалтқыштың ойығы

$q_{кл}$  қысқа тұйықталған сақиналарының көлденең қимасын есептейміз:

$$q_{кл} = \frac{I_{кл}}{J_{кл}}. \quad (2.45)$$

$I_{кл}$  – сақинадағы ток, төмендегі формуламен анықтаймыз:

$$I_{кл} = I_2 / \Delta; \quad (2.46)$$

$$\Delta = 2 \sin \frac{\alpha z}{2} = 2 \sin \frac{\pi p}{Z_2} = 2 \cdot \sin \frac{2 \cdot \pi}{40} = 0,312. \quad (2.47)$$

Онда

$$I_{кл} = \frac{1250}{0,312} = 4006,4A;$$

$$J_{кл} = 0,85 \cdot J_2 = 0,85 \cdot 1,23810^6 = 1,08 \cdot 10^6 A / м^2; \quad (2.48)$$

$$q_{кл} = \frac{4006,4}{1,08 \cdot 10^6} = 370 \cdot 10^{-7} м^2.$$

Бекітілген сақиналардың  $a_{кл}$ ,  $b_{кл}$  өлшемдерін және  $D_{к.ор}$  орташа диаметрін анықтау:

$$b_{кл} = 1,25 \cdot h_{П2} = 1,25 \cdot 46,38 = 57,9мм. \quad (2.49)$$

$$a_{кл} = \frac{q_{кл}}{b_{кл}} = \frac{3709}{57,9} = 64мм. \quad (2.50)$$

Сақинаның көлденең қимасының ауданы:

$$q_{кл} = a_{кл} \cdot b_{кл} = 64 \cdot 57,9 = 3705,6мм^2; \quad (2.51)$$

$$D_{к.ор} = D_2 - b_{кл} = 489 - 64 = 425мм. \quad (2.52)$$

## 2.6 Магниттелу тоғын есептеу

Ротор және статор тістегіштеріндегі индукция мәні:

$$B_{z1} = \frac{B_{\delta} \cdot t_1 \cdot l_{\delta}}{b_{z1} \cdot l_{cm1} \cdot k_c} = \frac{0,83 \cdot 0,0171 \cdot 0,27}{0,0043 \cdot 0,49 \cdot 0,97} = 1,9Тл; \quad (2.53)$$

$$B_{z2} = \frac{B_{\delta} t_2 l_{\delta}}{b_{z2} l_{cm2} k_c} = \frac{0,83 \cdot 0,0383 \cdot 0,27}{0,010 \cdot 0,97 \cdot 0,49} = 1,8Тл. \quad (2.54)$$

Статор мойынтұрағындағы  $B_a$  индукцияны есептеу:

$$B_a = \frac{\Phi}{2h_a l_{CT1} k_c} = \frac{0,0221}{2 \cdot 0,0158 \cdot 0,49 \cdot 0,97} = 1,4Тл. \quad (2.55)$$

Ротор мойынтұрағындағы  $B_j$  индукцияны есептейміз:

$$B_j = \frac{\Phi}{2h'_j l_{CT2} k_c}, \quad (2.56)$$

$h'_j$  — Ротор мойынтұрағындағы есептелген биіктік, м.

Ротор өзекшесі төлкеге немесе қабырғаланған білікке жақындатылған  $2p=10$  қозғалтқыштың  $h'_j$  мына формуламен анықталады:

$$h'_j = \frac{2+p}{3,2p} \left( \frac{D_2}{2} - h_{n2} \right) = \frac{2+5}{3,2 \cdot 5} \left( \frac{489}{2} - 46,38 \right) = 85,19 \text{ мм}; \quad (2.57)$$

$$B_j = \frac{0,0221}{2 \cdot 0,08519 \cdot 0,27 \cdot 0,97} = 0,5 \text{ Тл.}$$

Ауа саңылауының магнит кернеу  $F_\delta$ :

$$F_\delta = \frac{2}{\mu_0} B_\delta \delta k_\delta = 1,59 B_\delta \delta k_\delta \cdot 10^6. \quad (2.58)$$

$k_\delta$  — ауа саңылауының коэффициенті, төмендегі формуламен анықталады:

$$k_\delta = \left[ \frac{t_1}{t_1 - \gamma \delta} \right], \quad (2.59)$$

$$\text{мұндағы } \gamma = \frac{(b_{u1} / \delta)^2}{5 + b_{u1} / \delta} = \frac{(3,7 / 0,22)^2}{5 + 3,7 / 0,22} = 12,96;$$

$$k_\delta = \left[ \frac{17,1}{17,1 - 12,96 \cdot 0,22} \right] = 1,2.$$

Ауа саңылауының магнит кернеу:

$$F_\delta = 1,59 \cdot 10^6 \cdot 0,83 \cdot 1,2 \cdot 0,55 \cdot 10^{-3} = 871 \text{ А.}$$

Статордың тістегіш аймағының магнит кернеуі  $F_{z1}$ :

$$F_{z1} = 2h_{z1} H_{z1}, \quad (2.60)$$

мұнда  $2h_{z1}$  — статор тістегіштің есептегіш биіктігі, м.

$H_{z1}$  кестемен анықтаймыз [1] П-1.7 кесте.  $B_{z1} = 1,9 \text{ Тл}$  кезінде,  $H_{z1} = 2640 \text{ А/м}$ .

$$F_{z1} = 2 \cdot 0,0692 \cdot 2640 = 365,3 \text{ А.}$$

Ротордың тістегіш аймағының магнит кернеуі  $F_{z2}$ :

$$F_{z2} = 2h_{z2}H_{z2}, \quad (2.61)$$

мұндағы  $h_{z2} = h_{п2} - 0,1b_2 = 46,38 - 0,1 = 46,28 \text{ мм}$ ;

$H_{z2} = 5030 \text{ А/м}$ , [1] П-1.7 кесте.

$$F_{z2} = 2 \cdot 0,04628 \cdot 5030 = 465,5 \text{ А.}$$

Тістегіш аймағының қанығу коэффициентін есептейміз  $k_z$ :

$$k_z = 1 + \frac{F_{z1} + F_{z2}}{F_{\delta}} = 1 + \frac{365,3 + 465,5}{348,4} = 3,3. \quad (2.61)$$

Статор мойынтұрағының орта магнит сызығын ұзындығы  $L_a$ :

$$L_a = \frac{\pi(D_a - h_a)}{2p} = \frac{\pi(0,66 - 0,0158)}{10} = 0,202 \text{ м.} \quad (2.62)$$

Мойынтұрақ үшін магниттелу қисығын  $B_a$  индукция кезінде ағынның  $H_a$  кернеулігін 2013 маркалы болат үшін анықтау. [1] П-1.6 кесте.  $B_a = 1,4 \text{ Тл}$  кезінде,  $H_a = 400 \text{ А/м}$ .

Ротор мойынтұрағының магнит кернеуін анықтау  $F_a$ :

$$F_a = L_a H_a = 0,202 \cdot 400 = 80,8 \text{ А.} \quad (2.63)$$

Ротор мойынтұрағының орта магнит сызығын ұзындығы  $L_j$ :

$$L_j = \frac{\pi(D_j + h_j)}{2p}, \quad (2.64)$$

мұнда  $h_j$  – ротор артының биіктігі, келесі формуламен анықталады:

$$h_j = \frac{D_2 - D_j}{2} - h_{п2} = \frac{0,489 - 0,151}{2} - 0,04836 = 0,120 \text{ м;} \quad (2.65)$$

$$L_j = \frac{\pi(0,151 + 0,120)}{4} = 0,21 \text{ м.}$$

Мойынтұрақ үшін магниттелу қисығын  $B_j = 0,5 \text{ Тл}$  индукция кезінде ағынның  $H_j$  кернеулігін 2013 маркалы болат үшін анықтау [1] П-1.6 кесте.  $B_j = 0,5 \text{ Тл}$  кезінде,  $H_j = 66 \text{ А/м}$ .



Ротор мойынтұрағының магнит кернеуін анықтау  $F_j$ :

$$F_j = L_j H_j = 0,21 \cdot 66 = 13,86 A. \quad (2.66)$$

Машинаның магнит тізбегінің магнит кернеуінің қосындысын есептейміз (қос полюске де)  $F_{\Sigma}$ :

$$F_{\Sigma} = F_{\delta} + F_{z1} + F_{z2} + F_a + F_j = 348,4 + 365,3 + 465,5 + 80,8 + 13,86 = 1273,6 A. \quad (2.67)$$

Магнит тізбегінің қанығу коэффициенті  $k_{\mu}$ :

$$k_{\mu} = \frac{F_{\Sigma}}{F_{\delta}} = \frac{1273,6}{871} = 1,46. \quad (2.68)$$

Магниттелу тоғы  $I_{\mu}$ :

$$I_{\mu} = \frac{p F_{\Sigma}}{0,9 m_1 \omega_1 k_{об1}} = \frac{5 \cdot 1273,6}{0,9 \cdot 3 \cdot 46,3 \cdot 0,95} = 58,1 A. \quad (2.69)$$


Магниттелу тоғының қатысты мәні  $I_{\mu}^*$ :

$$I_{\mu}^* = \frac{I_{\mu}}{I_{1H}} = \frac{58,1}{216} = 0,26 A. \quad (2.70)$$


## 2.7 Жұмыс режимінің сипаттамасы

Асинхронды машинаның сипаттамалары деп статордың болатындағы шығынның әсерін ескеретін, статордың  $x_1$ ,  $r_1$  және ротордың  $r_2$ ,  $x_2$  орамаларындағы активті және индуктивті кедергілерді, өзара индуктивті кедергіні  $x_{12}$  (немесе  $x_m$ ), немесе есептегіш кедергіні  $r_{12}$  (немесе  $r_m$ ) атайды.

Келтірілген процесстерді айналмалы машинаның бөлігінде негізделген асинхронды машинаның фазаларының орын басу сұлбасы 6.1 суретте көрсетілген. Асинхронды машинаның физикалық процесстерді дәлірек 6.1 суреттегі сұлбада көрсетілген. Бірақ есептеуге 6.2 суреттегіге түрлендірген ыңғайлырақ



11 сурет – Асинхронды машинаның фаза орамаларының орын басу сұлбасы



12 сурет – Келтірілген асинхронды машинаның фаза орамаларының өзгертілген орын басу сұлбасы

Статор орамасындағы фазаның активті кедергісі  $r_1$  формуламен есептеледі:

$$r_1 = k_r \rho_{115} \frac{L_1}{q_{\text{эф}} a}, \quad (2.71)$$

мұнда  $L_1$  – орамадағы фазаның әсерлі өткізгіштерінің жалпы ұзындығы, м;

$a$  – ораманың параллел тармақтарының саны;

$\rho_{115}$  – есептелген температура кезіндегі орама материалының меншікті кедергісі. Мыста  $\rho_{115} = 10^{-6} / 41 \text{ Ом} \cdot \text{м}$ ;

$k_r$  – активті кедергіні көбейтетін коэффициент.

Асинхронды машинаның статорындағы орама өткізгіштерінде ығысу тоғының әсері өткізгіштерінің кіші өлшемдері үшін едәуір аз болады. Сондықтан  $k_r = 1$ .

Фаза орамаларының жалпы ұзындығы  $L_1$  төмендегі формуламен есептейміз:

$$L_1 = l_{op} \cdot \omega_1, \quad (2.72)$$

$l_{op}$  – орамадағы орташа ұзындығы, м.

$L_{op}$  витоктың орташа ұзындығын катушканың түзу сызықтық мойынтұрақты және иілген маңдайша бөліктердің қосындысынан анықталады:

$$l_{oo} = 2(l_{II} + l_{л}) \quad (2.73)$$

мұндағы  $l_{II}$  – мойынтұрақ бөлімінің ұзындығы, машинаның өзекшелерінің конструктивті ұзындығына тең.  $l_{II} = 0,27(м)$ ;

$l_{л}$  – маңдайша бөлігінің ұзындығы.

Толықтырылған статор орамадағы катушканың маңдайша бөлігінің ұзындығы төмендегі формуламен анықталады:

$$l_{л} = K_{л} b_{КТ} + 2B, \quad (2.74)$$

мұнда  $K_{л}$  – полюстер санына байланысты коэффициенті;

$2p = 10$  үшін [1] 9.23 кестеде  $K_{л} = 1,3$  тең.

$b_{КТ}$  – катушканың орташа ені, м, мойынтұрақ ұзындығының ортасынан өтетін айналаның доғасына қарай анықталады:

$$b_{КТ} = \frac{\pi(D + h_{II})}{2p} \beta_1, \quad (2.75)$$

мұнда  $\beta_1$  – статор орамасының қатысты қадамның қысқаруы. Оны  $\beta_1 = 1$  қабылдаймыз.

$$b_{КТ} = \frac{\pi(0,49 + 0,0692)}{4} \cdot 1 = 0,438 м.$$

$B = 0,01(м)$  коэффициенті мойынтұрақта қаланған өзекшенің корпусстың престелуіне дейін күтуге құю орамаға арналған.

$$l_{л} = K_{л} b_{КТ} + 2B = 1,3 \cdot 0,438 + 2 \cdot 0,01 = 0,589 м.$$

Орташа ұзындығы:

$$l_{op} = 2(0,27 + 0,589) = 1,71 м.$$

Өткізгіштегі ораманың фазаларының жалпы ұзындығы:

$$L_1 = 1,38 \cdot 46,3 = 63,8 м.$$

Статор ораманың фазасының активті кедергісі:

$$r_1 = 1 \cdot \frac{10^{-6}}{40} \cdot \frac{63,8}{2,3 \cdot 10^{-6} \cdot 2} = 0,34 \text{ м.}$$

Маңдайша бөлігіндегі ұшу ұзындығын анықтау:

$$l_{\text{yш}} = K_{\text{yш}} b_{\text{KT}} + B = 0,4 \cdot 0,438 + 0,01 = 0,185 \text{ м,} \quad (2.76)$$

мұнда  $K_{\text{yш}}$  – коэффициент, [1] сұлба 9.23 кесте бойынша.

$K_{\text{yш}} = 0,4$  -ке тең болады  $2p = 10$  кезінде.

Салыстырмалы бірліктегі статор орамының активті кедергісі  $r_1^*$ :

$$r_1^* = r_1 \cdot \frac{I_{1н}}{U_{1н}} = 0,34 \cdot \frac{216}{220} = 0,33 \text{ Ом.} \quad (2.77)$$

Ротор орамының активті кедергісі  $r_2$  анықтаймыз:

$$r_2 = r_c + \frac{2r_{\text{кл}}}{\Delta^2}, \quad (2.78)$$

мұндағы  $r_c$  – стержень кедергісі;

$r_{\text{кл}}$  – сақинаның кедергісі.

Стерженьдегі кедергіні есептейміз:

$$r_c = \rho_c \frac{l_2}{q_c} = \frac{10^{-6}}{20,5} \cdot \frac{0,27}{97,5 \cdot 10^{-6}} = 13,2 \cdot 10^{-6} \text{ Ом.} \quad (2.79)$$

Сақинадағы кедергіні есептейміз:

$$r_{\text{кл}} = \rho_{115} \cdot \frac{\pi \cdot D_{\text{кл.ор.}}}{Z_2 q_{\text{кл}}} = \frac{10^{-6}}{20,5} \cdot \frac{\pi \cdot 0,436}{40 \cdot 388,2 \cdot 10^{-6}} = 4,2 \cdot 10^{-6} \text{ Ом.} \quad (2.80)$$

Сонда ротордағы активті кедергі:

$$r_2 = 13,2 \cdot 10^{-6} + \frac{2 \cdot 4,2 \cdot 10^{-6}}{0,312^2} = 99,7 \cdot 10^{-6} \text{ Ом.}$$

$r_2$  статордағы орамдар санына әкеліп,  $r_2'$  анықтаймыз:

$$r_2' = r_2 \frac{4m(\omega k_{o\delta 1})^2}{Z_2} = 99,7 \cdot 10^{-6} \cdot \frac{4 \cdot 3 \cdot (46,3 \cdot 0,95)^2}{40} = 0,057 \text{ Ом}. \quad (2.81)$$

Салыстырмалы бірліктегі ротор орамының активті кедергісі:

$$r_2^* = r_2' \frac{I_{1H}}{U_{1H}} = 0,057 \cdot \frac{216}{220} = 0,055 \text{ (Ом)}. \quad (2.82)$$

Статор орамасының фазалық тарқауының индуктивті кедергісі:

$$x_1 = 15,8 \cdot \frac{f_1}{100} \left( \frac{\omega_1}{100} \right)^2 \cdot \frac{l_\delta'}{pq} (\lambda_{n1} + \lambda_{r1} + \lambda_{o1}) \quad (2.83)$$

мұндағы  $\lambda_n$  – статордағы пазалық тарқауының магнит өтімділігінің коэффициенті.

Статордың пазалық тарқауының магнит өткізгіштік коэффициенті:

$$\lambda_n = \frac{h_2}{3b_1} k_\beta + \left( \frac{h_1}{b_1} + \frac{3h_k}{b_1 + 2b_u} + \frac{h_u}{b_u} \right) \cdot k_\beta', \quad (2.84)$$

мұндағы  $k_\beta = 1$ ,  $k_\beta' = 1$ ,  $b_1 = 5,94 \text{ мм}$ ,  $h_2 = h_{П.К} - 2b_{u3} = 62,4 \text{ мм}$ ,  $h_1 = 0$ ;  
(өткізгіш пазалық тарқаумен бекітілген).

$$h_k = \frac{b_1 - b_u}{2} = \frac{5,94 - 3,7}{2} = 1,12 \text{ мм}; \quad (2.85)$$

$$\lambda_n = \frac{62,4}{3 \cdot 5,94} \cdot 1 + \left( 0 + \frac{3 \cdot 1,12}{5,94 + 2 \cdot 3,37} + \frac{1}{3,37} \right) \cdot 1 = 1,83.$$

Статордың жақтық бөлігінің, тарқау өтімділік коэффициенті:

$$\lambda_{r1} = 0,34 \cdot \frac{q}{l_\delta'} \cdot (l_{r1} - 0,64\beta\tau) = 0,34 \cdot \frac{3}{0,27} \cdot (0,589 - 0,64 \cdot 1 \cdot 0,155) = 2,16. \quad (2.86)$$

Статордың дифференциалды тарқауының өткізгіштік коэффициенті:

$$\lambda_{o1} = \frac{t_1}{12 \cdot \delta \cdot k_\delta} \cdot \xi, \quad (2.87)$$

мұндағы  $\xi = 2k_{ck}' k_\beta - k_{o\delta 1}^2 \left( \frac{t_2}{t_1} \right)^2 (1 + \beta_{ck}^2) = 2 \cdot 1,9 \cdot 1,2 - 0,95^2 \cdot 2,2^2 \cdot 1 = 0,2.$

$k'_{ск}$  графикалық жолмен анықталады,  $\frac{t_2}{t_1} = 2,2$  болған кезде,

$k'_{ск} = 1,9$  [1] сурет 9.51, д,  $\beta_{ск} = 0$ .

$$\lambda_{\sigma 1} = \frac{17,1}{12 \cdot 0,22 \cdot 1,2} \cdot 0,2 = 1,08.$$

Статор орамасының индуктивті кедергісін (3.13) формуласы бойынша анықтаймыз:

$$x_1 = 1,58 \cdot \frac{50}{100} \cdot \left( \frac{46,3}{100} \right)^2 \cdot \frac{0,27}{5 \cdot 3} (1,83 + 2,16 + 1,08) = 1,54 \text{ Ом.}$$

Индуктивті кедергі салыстырмалы бірлікте  $x_1^*$ :

$$x_1^* = x_1 \frac{I_{1н}}{U_{1н}} = 1,54 \cdot \frac{216}{220} = 1,51 \text{ Ом.} \quad (2.88)$$

Ротор фаза орамасының индуктивті кедергісі:

$$x_2 = 7,9 f_1 l'_\delta (\lambda_{n2} + \lambda_{r2} + \lambda_{\sigma 2}) \cdot 10^{-6}, \quad (2.89)$$

мұндағы  $\lambda_{n2}$  – ротордағы пазалық тарқауының магнит өтімділігінің коэффициенті;

$\lambda_{r2}$  – Ротордағы жақтық бөліктің магнит өткізгіштік коэффициенті;

$\lambda_{\sigma 2}$  – Ротордағы дифференциалды тарқаудағы магнит өткізгіштік коэффициенті.

Ротордың пазалық тарқауының магнит өткізгіштік коэффициенті [1] кесте 9.27:

$$\lambda_{n2} = \left[ \frac{h_0}{3b_1} \left( 1 - \frac{\pi b_1}{8q_c} \right)^2 + 0,66 - \frac{b_{uu}}{2b_1} \right] k_\delta + \frac{h_{uu}}{b_{uu}} + 1,12 \frac{h'_{uu}}{I_2} \cdot 10^6, \quad (2.90)$$

мұндағы  $b_1 = 8 \text{ мм}$ ,  $k_\delta = 1$ .

$$h_0 = h_{n2} - h_{uu} - h'_{uu} - 0,2 \cdot 1,8 = 46,38 - 0,75 - 0,3 - 0,2 \cdot 1,8 = 44,97 \text{ мм}; \quad (2.91)$$

$$\lambda_{n2} = \left[ \frac{44,97}{3 \cdot 8} \left( 1 - \frac{\pi \cdot 8}{8 \cdot 95,8} \right)^2 + 0,66 - \frac{1,5}{2 \cdot 8} \right] \cdot 1 + \frac{0,75}{1,5} + 1,12 \cdot \frac{0,3 \cdot 10^{-3}}{1260} \cdot 10^6 = 3,83.$$

Ротордың жақтық бөлігінің, тарқау өтімділік коэффициенті:

$$\lambda_{r2} = \frac{2,3D_{кл.ср.}}{Z_2 I'_\delta \Delta^2} \cdot \lg \left( \frac{4,7D_{кл.ср.}}{2a_{кл.} + b_{кл.}} \right);$$

$$\lambda_{r2} = \frac{2,3 \cdot 425 \cdot 10^{-3}}{40 \cdot 0,27 \cdot 0,312^2} \cdot \lg \left( \frac{4,7 \cdot 425 \cdot 10^{-3}}{2 \cdot 64 + 57,9} \right) = 0,10. \quad (2.92)$$

Статордың дифференциалды тарқауының өткізгіштік коэффициенті:

$$\lambda_{\sigma 2} = \frac{t_2}{12\delta k_\delta} \xi, \quad (2.93)$$

мұндағы  $\xi = 1 + \frac{1}{5} \cdot \left( \frac{\pi p}{Z_2} \right)^2 - \frac{\Delta Z}{1 - (p/Z_2)^2} \approx 1.$

$$\lambda_{\sigma 2} = \frac{38,3}{12 \cdot 0,22 \cdot 1,2} \cdot 0,2 = 2,42.$$

Индуктивті кедергіні (3.19) формула бойынша анықтаймыз:

$$x_2 = 7,9 \cdot 50 \cdot 0,27 \cdot (3,83 + 0,10 + 2,42) \cdot 10^{-6} = 676,9 \cdot 10^{-6} \text{ Ом.}$$

Ротор фаза орамасының келтірілген индуктивті кедергісі:

$$x'_2 = x_2 \frac{4m(\omega_1 k_{\sigma\delta})^2}{Z_2} = 676,9 \cdot 10^{-6} \frac{4 \cdot 3(46,3 \cdot 0,95)^2}{40} = 0,39 \text{ Ом.} \quad (2.94)$$

Ротор фаза орамасының келтірілген индуктивті кедергісі,  $x'_2$ \*:

$$x'_2 * = x'_2 \frac{I_{1H}}{U_{1H}} = 0,39 \cdot \frac{216}{220} = 0,38 \text{ Ом} \quad (2.95)$$

## 2.8 Шығындарды есептеу

Асинхронды қозғалтқыштың статордағы болаттың шығынын есептейміз:

$$P_{н.бол.} = P_{1,0/5,0} \left( \frac{f_1}{50} \right)^\beta (k_{\sigma a} B_a^2 m_a + k_{\sigma z} B_{z1}^2 m_{z1}), \quad (2.96)$$

мұнда  $p_{1,0/5,0}$  – меншікті шығындар;

$$p_{1,0/5,0} = 2,6Bm / \kappa z [1] \text{ кесте 9.28;}$$

$\beta$  – көрсеткіш дәрежесі, 2013 маркалы болаты үшін  $\beta = 1,5$ ;

$k_{да}$  және  $k_{дз}$  – болат шығынына әсер ететін коэффициенттер,  
2013 маркалы болаты үшін  $k_{да} = 1,6$ ,  $k_{дз} = 1,8$ ;

$m_a$  – ярма массасы, келесі формуламен анықталады:

$$m_a = \pi(D_a - h_a)h_a l_{\text{бол}} k_c \gamma_c;$$

$$m_a = \pi(0,66 - 0,0158) \cdot 0,0158 \cdot 0,27 \cdot 0,97 \cdot 7800 = 19,9 \kappa z, \quad (2.97)$$

мұнда  $\gamma_c = 7,8 \cdot 10^3 \kappa z / \text{м}^3$  – болаттың меншікті массасы.

Статор тістерінің массасы:

$$m_{z1} = h_{z1} b_{z1op} Z_1 l_{\text{бол}} k_c \gamma_c = 69,2 \cdot 10^{-3} \cdot 4,3 \cdot 10^{-3} \cdot 99 \cdot 0,27 \cdot 0,97 \cdot 7800 = 6 \kappa z; \quad (2.98)$$

$$P_{\text{н.бол}} = 2,6 \cdot (1,6 \cdot 1,4^2 \cdot 19,9 + 1,8 \cdot 1,9^2 \cdot 6) = 263,6 Bm.$$

Ротордың жалпы беттік шығындарын есептейміз:

$$P_{\text{бем2}} = p_{\text{бем2}} (t_2 - b_{\text{ул2}}) Z_2 l_{\text{бол2}}, \quad (2.99)$$

мұнда  $p_{\text{бем2}}$  – нақты шығындар беті, келесі формуламен анықтаймыз:

$$p_{\text{бем2}} = 0,5 \cdot k_{02} \left( \frac{Z_1 n_1}{10000} \right)^{1,5} (B_{02} t_1 \cdot 10^3)^2, \quad (2.100)$$

мұнда  $k_{02} = 1,5$  – ротор тістерінің жалпы беттік меншікті шығынына әсер ететін коэффициент;

$B_{02}$  – ауа кеңістіктегі индукцияның амплитуда пульсациясы, мына формуламен анықтаймыз:

$$B_{02} = \beta_{02} k_{\delta} B_{\delta} = 0,45 \cdot 4 \cdot 0,83 = 1,49, \quad (2.101)$$

мұнда  $\beta_{02} = 0,45$  графика бойынша анықтаймыз;

$$\frac{b_{\text{ул}}}{\delta} = 16,82 [1] \text{ сурет 9.53, б.}$$

Формула бойынша нақты бетінің шығындарын есептеу (2.100):

$$p_{\text{бем2}} = 0,5 \cdot 1,5 \cdot \left( \frac{90 \cdot 600}{10000} \right)^{1,5} (1,49 \cdot 0,0171 \cdot 10^3)^2 = 377,4 Bm / \text{м}^2;$$



$$P_{\text{бем2}} = 377,4 \cdot (38,3 \cdot 10^{-3} - 1,5 \cdot 10^{-3}) \cdot 40 \cdot 0,27 = 150 \text{Вт}.$$

Ротор тістеріндегі пульсациялық шығынды есептеу:

$$P_{\text{нул2}} = 0,11 \left( \frac{Z_1 n}{1000} B_{\text{нул2}} \right)^2 m_{z2}, \quad (2.102)$$

мұнда  $m_{z2}$  – ротор тістеріндегі болаттың массасы;  
 $B_{\text{нул2}}$  – ротордағы магниттік амплитуда пульсациясы.

$$m_{z2} = h_{z2} b_{z2op} Z_2 l_{\text{бол2}} k_c \gamma_c = 0,04628 \cdot 0,0010 \cdot 40 \cdot 0,27 \cdot 0,97 \cdot 7800 = 3,78 \text{кг}; \quad (2.103)$$

$$B_{\text{нул2}} = \frac{\gamma_1 \delta}{2t_2} B_{z2op} = \frac{12,96 \cdot 0,22}{2 \cdot 38,3} \cdot 1,8 = 0,66 \text{Тл}; \quad (2.104)$$

$$P_{\text{нул2}} = 0,11 \left( \frac{90 \cdot 600}{1000} \cdot 0,66 \right)^2 \cdot 3,78 = 528,1 \text{Вт}.$$

Болаттағы шығындардың қосындысын анықтаймыз:

$$P_{\text{к.бол}} = P_{\text{бем2}} + P_{\text{нул2}} = 150 + 528,1 = 678,1 \text{Вт}. \quad (2.105)$$

Болаттағы толық шығын:

$$P_{\text{бол}} = P_{\text{н.бол}} + P_{\text{к.бол}} = 263,6 + 678,1 = 941,7 \text{Вт}. \quad (2.106)$$

Механикалық шығынын анықтаймыз:

$$P_{\text{мех.}} = K_T (n/10)^2 D_a^4 = 1,05 \cdot ((600/10)^2 \cdot 0,66^4) = 717,2 \text{Вт}, \quad (2.107)$$

мұнда  $K_T = 1,05$ ,  $2p = 10$  кесте бойынша 9.29 [1].

Номиналды режимдегі шығындардың қосындысын есептейміз:

$$P_{\text{н.ш}} = 0,005 \frac{P_{2ш}}{\eta} = 0,005 \cdot \frac{110000}{0,93} = 591,3 \text{Вт}. \quad (2.108)$$

Бос жүріс тоғы:

$$I_{\text{б.ж.}} = \sqrt{I_{\text{б.ж.а.}}^2 + I_{\mu}^2}, \quad (2.109)$$

мұнда  $I_{б.ж.а.}$  – бос жүріс тогының активті құрамасы, мына формуламен анықтаймыз:

$$I_{б.ж.а.} = \frac{P_{бол.} + P_{мех.} + P_{э.1б.ж.}}{mU_{1н}} = \frac{941,7 + 717,2 + 3443,1}{3 \cdot 220} = 7,7 A, \quad (2.110)$$

мұнда  $P_{э.1б.ж.}$  – статордағы бос жүріс кезіндегі электрлік шығын:

$$P_{э.1б.ж.} = mI_{\mu}^2 r_1 = 3 \cdot 58,1^2 \cdot 0,34 = 3443,1 Bm; \quad (2.111)$$

$$I_{б.ж.} = \sqrt{7,7^2 + 58,1^2} = 58,6 A.$$

Бос жүріс кезіндегі қуат коэффициентін анықтаймыз:

$$\cos \varphi_{б.ж.} = \frac{I_{б.ж.а.}}{I_{б.ж.}} = \frac{7,7}{58,6} = 0,13. \quad (2.112)$$

## 2.9 Жұмыс сипаттамасын есептеу

Кедергінің нақты бөлігін анықтаймыз:

$$r_{12} = \frac{P_{н.бол.}}{mI_{\mu}^2} = \frac{263,6}{3 \cdot 51,8^2} = 0,032 Ом. \quad (2.113)$$

Кедергінің аз бөлігі:

$$x_{12} = \frac{U_{1н}}{I_{\mu}} - x_1 = \frac{220}{51,8} - 1,54 = 2,7 Ом. \quad (2.114)$$

Электрқозғалтқыштың тұрақты бөлігі:

$$c_1 = 1 + \frac{x_1}{x_{12}} = 1 + \frac{1,54}{2,7} = 1,57; \quad (2.115)$$

$$\begin{aligned} \operatorname{tg} \gamma &= \left( \frac{r_1 x_{12} - r_{12} x_1}{r_{12} (r_1 + r_{12}) + x_{12} (x_1 + x_{12})} \right) = \\ &= \left( \frac{0,34 \cdot 2,7 - 0,032 \cdot 1,54}{0,032(0,34 + 1,54) + 2,7(1,54 + 2,7)} \right) = 0,075. \end{aligned} \quad (2.116)$$

Бос жүріс тоғының активті құрамы:

$$I_{ак} = \frac{P_{н.бол} + 3I_{\mu}^2 r_1}{3U_{1н}} = \frac{263,6 + 3 \cdot 51,8^2 \cdot 0,34}{3 \cdot 220} = 4,54 A \quad (2.117)$$

Мәндерін анықтаймыз:

$$b' = 0;$$

$$a'_1 = c_1^2 = 1,57^2 = 2,46; \quad (2.118)$$

$$a = c_1 r_1 = 1,57 \cdot 0,34 = 0,53; \quad (2.119)$$

$$b = c_1(x_1 + c_1 x'_2) = 1,57(1,54 + 1,57 \cdot 4,54) = 13,6. \quad (2.120)$$

Сырғу өзгерген кездегі өзгермейтін шығындар:

$$P_{бол} + P_{мех.} = 941,7 + 717,2 = 1658,9 Bm. \quad (2.121)$$

$s_{н} \approx r_2^* \approx 0,055$  болғанда, сырғанау 0,005; 0,01; 0,015; 0,02; 0,0201. болатын мәнді қабылдап, жұмыстық сиппатамасын есептейміз. Есептеу мәнін 1-кестеге еңгіземіз:

$$P_{2н} = 110 \text{ кВт};$$

$$U_{1н} = 220/380 \text{ В};$$

$$2p = 10$$

$$I_{0а} = 0,26 \text{ А};$$

$$I_{0р} = I_{\mu} = 58,1 \text{ А};$$

$$P_{ст} + P_{мех} = 1658,9 \text{ Вт};$$

$$r_1 = 0,34 \text{ Ом};$$

$$r'_2 = 0,057 \text{ Ом};$$

$$c_1 = 1,57;$$

$$a'_1 = 2,46;$$


$$a = 0,53 \text{ Ом};$$

$$b' = 0;$$


$$b = 13,6 \text{ Ом}.$$

1 кесте – Асинхронды қозғалтқыштың жұмыстық сиппатамасы


Есептік формула	Бірлік	Сырғу s				
		0,005	0,01	0,015	0,02	0,033
$a' \cdot r_2' / s$	Ом	168,64	84,32	56,213	42,16	25,552
$b' \cdot r_2' / s$	Ом	0	0	0	0	0
$R = a + a' \cdot r_2' / s$	Ом	170,33	86,015	57,908	43,855	27,246
$X = b + b' \cdot r_2' / s$	Ом	5,71	5,71	5,71	5,71	5,71
$Z = \sqrt{R^2 + X^2}$	Ом	170,43	86,204	58,189	44,225	27,838
$I_2'' = U_{1н} / Z$	А	1,2908	2,5521	3,7808	4,9746	7,9028
$\cos \varphi_2' = R / Z$	-	0,9994	0,9978	0,9952	0,9916	0,9787
$\sin \varphi_2' = X / Z$	-	0,0335	0,0662	0,0981	0,1291	0,2051
$I_{1a} = I_{oa} + I_2'' \cos \varphi_2'$	А	1,5501	2,8065	4,0225	5,1929	7,9948
$I_{1p} = I_{op} + I_2'' \sin \varphi_2'$	А	5,1932	5,319	5,521	5,7923	6,771
$I_1 = \sqrt{I_{1a}^2 + I_{1p}^2}$	А	5,4197	6,014	6,831	7,7793	10,477
$I_2' = c_1 I_2''$	А	1,4393	2,8456	4,2156	5,5466	8,8116
$P_1 = 3U_{1н} I_{1a} \cdot 10^{-3}$	кВт	1,0231	1,8523	2,6549	3,4273	5,2766
$P_{\sigma 1} = 3I_1^2 r_1' \cdot 10^{-3}$	кВт	0,1339	0,1649	0,2128	0,276	0,5005
$P_{\sigma 2} = 3I_2'^2 r_2' \cdot 10^{-3}$	кВт	0,0029	0,0058	0,0086	0,0113	0,018
$P_{\sigma \sigma 6} = 0,005 P_1$	кВт	0,0051	0,0093	0,0133	0,0171	0,0264
$\Sigma P = P_{\sigma \sigma 1} + P_{\sigma \sigma 2} + P_{1\sigma} + P_{\sigma 2} + P_{\sigma}$	кВт	0,5964	0,6344	0,6891	0,7588	0,9993
$P_2 = P_1 - \Sigma P$	кВт	0,4267	1,2179	1,9658	2,6685	4,2773
$\eta = 1 - \Sigma P / P_1$	-	0,4171	0,6575	0,7405	0,7786	0,8106
$\cos \varphi = I_{1a} / I_1$	-	0,286	0,4667	0,5889	0,6675	0,7631




13 сурет –  $P_2$  қуатынан қозғалтқыштың  $\cos \varphi$  байланысты графигі



14 сурет –  $P_2$  қуатынан қозғалтқыштың ПӘК байланыс графигі



15 сурет –  $P_2$  қуатынан қозғалтқыштың  $s$  сырғанау байланыс графигі



16 сурет – P<sub>2</sub> қуатынан қозғалтқыштың I<sub>1</sub> статорының байланыс графигі

## 2.10 Жылулық есептеме

Қозғалтқыш ішіндегі температура үстінен статор өзекшесінің ішкі бетінің температурасының артуын келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$\Delta V_{\text{бем.1}} = K \cdot \frac{P'_{\text{э.н.1}} + P_{\text{н.б.ол}}}{\pi D l_1 \alpha_1}, \quad (2.122)$$

мұндағы  $K = 0,8$   $2p = 10$  кезінде қорғаныс сатысы IP44, [1] кесте.9,35;  
 $\alpha_1$  – жоғары беттік жылу беріліс коэффициенті, графика бойынша анықтаймыз [1] сурет 9.68, б,  $\alpha_1 \approx 81 \text{ Bm} / \text{m}^2 \text{C}^\circ$ .

$$P'_{\text{э.н.1}} = k_\rho P_{\text{э1}} \frac{2l_1}{l_{\text{см.1}}}, \quad (2.123)$$

мұнда  $k_\rho$  – арту шығының коэффициенті, қызутөзгіштік классы үшін F  $k_\rho = 1,07$ .

$$P_{\text{э1}} = m I_1^2 r_1 = 3443,1 \text{ Bm}; \quad (2.124)$$

$$P'_{\text{э.н.1}} = 1,07 \cdot 3443,1 \cdot \frac{2 \cdot 0,27}{1,71} = 1160,4 \text{ Bm};$$

$$\Delta V_{\text{бем.1}} = 0,2 \cdot \frac{1160,4 + 263,6}{\pi \cdot 0,49 \cdot 0,27 \cdot 81} = 42,3^\circ \text{C}.$$

Оқшаулағыштың паза бөлігінде статор орамасының температура түсуі:

$$\Delta v_{ой.л1} = \frac{P'_{э.л1}}{Z_1 \Pi_{л1} l_1} \left( \frac{b_{ой.л1}}{\lambda_{э.кв.}} + \frac{b_1 + b_2}{16\lambda'_{э.кв.}} \right), \quad (2.125)$$

мұндағы  $\Pi_{л1}$  – статор пазасының көлденең қимасының периметрі, мына формуламен анықтаймыз:

$$\Pi_{л1} = 2h_n + b_1 + b_2 = 2 \cdot 0,0692 + 0,017 + 0,013 = 0,1684 м, \quad (2.126)$$

$\lambda_{э.кв.}$  – пазалық бөлігіндегі жылуөткізгіштің орташа эквиваленті, қызутөзгіштік классы үшін  $F \lambda_{э.кв.} = 0,16 Вм / м \cdot ^\circ C$ , [1] бет 452;

$\lambda'_{э.кв.}$  – ішкі оқшаулағыштың жылуөткізгіш коэффициентінің ортақ мәні;

$\lambda'_{э.кв.}$  графика бойынша анықтаймыз  $\frac{d}{d_{из.}} = \frac{2,36}{2,46} = 0,96$ ;

$\lambda'_{э.кв.} = 1,5 Вм / м \cdot ^\circ C$ , [1] сурет 9.69.

$$\Delta v_{ой.л1} = \frac{1160,4}{90 \cdot 0,168 \cdot 0,27} \left( \frac{3,7 \cdot 10^{-3}}{0,16} + \frac{0,017 + 0,013}{16 \cdot 1,1} \right) = 7^\circ C.$$

Оқшаулағыштың қалыңдығын температура айырмасы арқылы алдыңғы бөлігін анықтаймыз:

$$\Delta v_{ой.л1} = \frac{P'_{э.л1}}{2Z_1 \Pi_{л1} l_1} \left( \frac{b_{ой.л1}}{\lambda_{э.кв.}} + \frac{h_{л1}}{12\lambda'_{э.кв.}} \right), \quad (2.127)$$

мұндағы

$$P'_{э.л1} = k_\rho P_{э1} \frac{2l_{л1}}{l_{см.л1}} = 1,07 \cdot 3443,1 \cdot \frac{2 \cdot 0,168}{1,71} = 723,8 Вм;$$

$$\Pi_{л1} = \Pi_{н1} = 0,168 м.$$

Статор орамасының алдыңғы бөлігі оқшауланбаған, сондықтан  $b_{из.л1} = 0$ .

$$\Delta v_{ой.л1} = \frac{723,8}{2 \cdot 90 \cdot 0,168 \cdot 0,27} \left( \frac{0}{0,16} + \frac{0,069}{12 \cdot 1,1} \right) = 0,46^\circ C.$$

Машина ішіндегі ауа температурасынан алдыңғы бөлігіндегі сыртқы бетінің температурасының артуын есептейміз:

$$\Delta v_{өем.л1} = \frac{KP'_{э.л1}}{2\pi D l_{см.л1} \alpha_1} = \frac{0,74 \cdot 723,8}{2 \cdot \pi \cdot 0,66 \cdot 0,185 \cdot 23} = 30,4^\circ C. \quad (2.128)$$

Қозғалтқыш ішіндегі температура үстінен статор өзекшесінің ішкі бетінің температурасының орташа артуын анықтаймыз:

$$\begin{aligned} \Delta v'_1 &= \frac{(\Delta v_{\delta em1} + \Delta v_{oi.n1}) \cdot 2l_1}{l_{cp.1}} + \frac{(\Delta v_{oi.l1} + \Delta v_{\delta em.l1}) \cdot 2l_{l1}}{l_{cp1}} = \\ &= \frac{(42,3 + 7) \cdot 2 \cdot 0,27}{1,71} + \frac{(0,46 + 30,4) \cdot 2 \cdot 0,168}{1,71} = 21,5^\circ C. \end{aligned} \quad (2.129)$$

Қозғалтқыш ішіндегі температура үстінен қоршаған ортаға температурасының орташа артуын есептейміз:

$$\Delta v'_e = \frac{\sum P'_e}{S_{кор.} \alpha_e}, \quad (2.130)$$

мұнда  $\alpha_e$  – графика бойынша анықтаймыз [1] сурет 9.68,

$$\alpha_e = 800 Bm / m^2 \cdot C;$$

$\sum P'_e$  – қозғалтқыш ішіндегі ауаға бөлінетін шығындар суммасы:

$$\sum P'_e = \sum P' - (1 - K)(P'_{э.л1} + P_{н.бол.}) - 0,9P_{мех.}; \quad (2.131)$$

$$\sum P' = \sum P + (k_p - 1)(P_{э1} + P_{э2}) = 6270,5 + (1,07 - 1)(3443,1 + 577,2) = 6551,9 Bm. \quad (2.132)$$

мұндағы  $\sum P$  – номиналды режимдегі қозғалтқыштың жалпы шығыны;

$P_{э1}$  – статор орамасының номинал режимдегі электрлік шығыны;

$P_{э2}$  – ротор орамасының номинал режимдегі электрлік шығыны.

$$\sum P'_e = 6551,9 - (1 - 0,74)(1160,4 + 263,6) - 0,9 \cdot 717,2 = 5536,6 Bm;$$

$$\begin{aligned} S_{кор.} &= (\pi D_a + 8\Pi_p)(l_1 + 2l_{cm.1}) = \\ &= (\pi \cdot 0,66 + 8 \cdot 0,5)(0,27 + 2 \cdot 0,096) = 1,75 m^2, \end{aligned} \quad (3.133)$$

мұндағы  $S_{кор.}$  – жақтау бетінің ауданы.

$\Pi_p$  графика бойынша анықтаймыз. Мұнда  $h = 315 мм$ ,  $\Pi_p = 0,5$  сурет 9.70

$$\Delta v'_e = \frac{5536,6}{1,75 \cdot 800} = 3,95^\circ C.$$



Статор орамасының қоршаған орта температурасынан орташа ауытқуын анықтаймыз:

$$\Delta v_1 = \Delta v'_1 + \Delta v'_e = 21,5^\circ C + 3,95^\circ C = 25,45^\circ C. \quad (2.134)$$

Желдеткішке тәуелді ауа тұтынуын анықтаймыз:

$$Q_e = \frac{\sum P'_e}{1100 \cdot 2 \Delta v'_e} = \frac{5536,6}{1100 \cdot 2 \cdot 3,95} = 0,63 \text{ м}^3 / \text{с}.$$

Құрылымды жасалған және 4А сериясында қабылданған сыртқы желдеткіш арқылы қамтамасыз етілетін ауа шығыны шамамен келесі формула арқылы анықталуы мүмкін:

$$Q'_e = m'(n_k b_k + 0,1) \frac{n}{100} D_a^2, \quad (2.135)$$

мұндағы  $n_k$  және  $b_k$  - радиалды желдеткіштік каналдардың саны және ені, м, 384 беті [1];  
 $n$  - қозғалтқыштың айналу жиілігі, айн/мин;  
 $m'$  - коэффициент,  $m' = 3,15$  қозғалтқыш үшін  $2p \geq 10$ .

$$Q'_e = 3,15 \cdot (9 \cdot 0,015 + 0,1) \cdot \frac{600}{100} \cdot 0,66^2 = 1,93 \text{ м}^3 / \text{с}.$$

$Q'_e > Q_e$ , яғни сыртқы желдеткішпен қамтамасыз етілетін ауа шығыны электр қозғалтқыштың желдетілуіне қажетті ауа шығынынан көп.

Дөңгелектің диаграммасы бойынша жұмыс сипаттамасын есептеу.

Бірінші синхронды бос жүріс тоғын келесі формуламен анықтаймыз:

$$I_0 = \sqrt{I_{oa}^2 + I_{op}^2} = \sqrt{4,54^2 + 58,1^2} = 58,2 \text{ А}, \quad (2.136)$$

мұнда  $I_{op} \approx I_\mu$ .

Кедергінің активті және индуктивті қысқа тұйықталуын есептейміз:

$$x_{к1} = x_1 + C_1 \cdot x'_2 = 1,54 + 1,57 \cdot 0,39 = 2,15 \text{ Ом}; \quad (2.137)$$

$$r_{к1} = r_1 + C_1 \cdot r'_2 = 0,34 + 1,57 \cdot 0,057 = 0,42 \text{ Ом}. \quad (2.138)$$

Дөңгелек диаграммасының масштабын есептейміз.

Тоқтың масштабы:

$$m_I = \frac{U_{1н}}{C_1 \cdot x_{к1} \cdot D_{к}} = \frac{220}{1,57 \cdot 2,15 \cdot 200} = 0,32 A / мм, \quad (2.139)$$

мұнда  $D_{к}$  – дөңгелек диаграммасының диаметрі, интервал арқылы аламыз;

$$D_{к} = [200 \div 250] мм, D_{к} = 200 мм \text{ аламын.}$$

Қуаттың масштабы:


$$m_P = 3U_{1н} m_I = 3 \cdot 220 \cdot 0,32 = 211,2 Bm / мм \quad (2.140)$$

Моменттің масштабы:

$$m_M = \frac{m_P}{\Omega} = \frac{211,2}{62,8} = 3,3 H \cdot м / мм \quad (2.141)$$

Қозғалтқыштың дөңгелек диаграммасы төменде келтірілген. Шеңбер диаметрі  $D_{к}$  центрінен әртүрлі сырғанаулар кезінде статорда пайда болған ток векторының соңыа  $O'$  нүктесіне келеді. Ал  $A_0$  нүктесі синхронды бос жүріс кезінде  $I_0$  ток векторының соңына сәкес келеді, шынында қозғалтқыштың бос жүріс кезінде  $A'_0$  нүктесіне түседі.  $|OA'_0| = I_{x.x}$  кесіндісі және  $\cos \angle A'_0 OB_1$  бос жүріс кезінде қуат коэффициентіне тең болады.  $A_3$  нүктесі статордағы қысқы тұйықталу кезінде ток векторының соңын анықтайды ( $s=1$ ), ток кесіндісі  $|OA_3| = I_{к.з}$  токқа те, ал бұрышы  $\angle A_3 OB_1 = \cos \varphi_{к.з}$ .  $A_2$  нүктесі  $S = \infty$  болған кездегі статордағы ток векторының соңын көрсететін нүкте.

Қозғалтқыш режімі кезінде ( $0 < s \leq 1$ )  $I_1$  ток векторының соңын анықтайтын орталық нүктелер  $A_0 A_3$ . Абцисса осінде жатқан  $OB$  кесіндісі  $P_1$  біріншілік қуатқа тең.  $A_0 A_2$  кесіндісі электромагниттік қуат  $P_{эм}$  немесе электромагниттік момент  $M_{эм}$  кесіндісімен беттеседі.  $A'_0 A_3$  кесіндісі біліктегі пайдалы қуат ( $P_2$  екіншілік қуат) кесіндісіне тең.



17 сурет – Дөңгелекті диаграммасы

### **3 Өмір тіршілік қауіпсіздігі негіздері**

#### **3.1 Қозғалтқышты пайдалануда техника қауіпсіздігін сақтау ережелері**

Мен дипломдық жұмысымда АВК-ка арналған асинхрондық қозғалтқыш жұмыстарын жасадым. АВК-ка арналған асинхрондық қозғалтқыш зауыттарда өнеркәсіпте, транспортта және т.б. қолданылады. Менің жұмысымда электр қозғалтқышын цемент зауытындағы көтерме крандар үшін жобаладым. Төменде мен электр қозғалтқышын, көтерме крандарды пайдаланғанда техникалық қауіпсіздік шараларын қарастырып өтемін, сонымен қатар зауыт бойынша техникалық қауіпсіздік ережелері айтылып өтеді.

Өнеркәсіптегі жұмыстың адамның денсаулығына кері әсерін тигізбес үшін жасалынатын жұмыстар және техника қауіпсіздігінің ережелері, еңбек заңының орындалу шараларына жауапкершілік, «Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесінің» талаптарының, техника қауіпсіздігінің шаралары мен талаптарының, өндірістік санитарияның орындалуы негізінен өнеркәсіптің басшысына, басты инженерге және солардың орынбасарларына жүктеледі.

Цех басшысы цехтағы техника қауіпсіздігіне жауап береді, ал шебер еңбек қорғау ережелерін орындалуын қадағалайды және жұмысшыларды қондырғылармен қауіпсіз жұмыс жасау үшін оларға кеңес беріп, қадағалап жүреді, бірінші ретті нұсқаулармен таныстырады. Әр үш айда бірінші ретті нұсқау бойынша шебер қайталама нұсқаулар жүргізіп тұрады. Жылына бір рет жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жасау әдістеріне үйретеді.

Цехтар мен бөлімшелердің басшылары, механиктері және энергетиктері өздерінің қол астындағы қондырғылардың, құрал- жабдықтардың және жүйенің бүтін күйінде сақталып, жақсы жұмыс жасауын қадағалайды және қондырғының қайта жөндегенде бір қалыпты жұмыс жасауын, еңбек қорғау мен техника қауіпсіздігінің шарттарының орындалуын тексеріп, қадағалап жүреді

Асинхронды қозғалтқыштарды пайдалануға және оны жөндеуге III дәрежеден кем емес біліктілігі бар және жұмыс орнында нұсқаулық өткен электромонтерлер жіберіледі. Қондырғымен жұмыс жасап жатқанда және оны жөндегенде техника қауіпсіздігіне жауапкершілік шаруашылықтың электр техникалық бөлімінің басшысында болады.

Электр мантерлер 1000 В дейінгі электр қозғалтқышымен жұмыс жасағанда негізгі қорғаныс заттарын пайдалануы тиіс. Оларға диэлектрлік қолғаптар, оқшауланған сапты аспап, тұйықтағыштар және кернеу белгілері жатады. Ал қосымша қорғаныс заттарына диэлектрлік галоштар, резинке кілемшелер, оқшауланған тіреуіштер және плакаттар жатады.

Қорғаныс заттарын пайдалану алдында олардың бүтін, жұмысқа жарамдылығын тексеру қажет және де оларды тексеруден өткен уақытына назар аудару керек. Содан соң электр қозғалтқышымен техникалық қызмет

көрсеткенде және жөндегенде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауы тиіс.

Жұмыстарды жүргізуге электр техникалық қызмет бөлімінің басшысы ауызша түрде немесе жазбаша түрде әмір береді, ал ол болмаған жағдайда онын орынбасарына жүктеледі, бірақ орынбасарының біліктілігінің дәрежесі IV топтан кем болмауы керек.

Электр қондырғысының техникалық қызмет көрсетілуі кезінде электр қозғалтқыш міндетті түрде қорек көзінен ажыратылады. Қондырғының шанышқысы мен өшіргіш үзгіш арасында оқшаулағыш материал қойылады, жетектің сабына немесе автоматтық ажыратқышқа «Қоспа, жұмыс жүріп жатыр» деген плакат ілу керек. Сонымен қатар жұмыс жасар алдында жұмыс машинасынан электр қозғалтқышының айналу мүмкіндігін ескеретін шаралар қолданады және де электрленген механизмдермен жұмыс жасайтын жұмысшылар жұмыс ережелері мен қондырғымен жұмыс істеуде техникалық қауіпсіздік жайлы таныстырылады.

Электр қозғалтқышының және сол қозғалтқыш жұмыс істеу қалпына келтіріліп тұрған механизмдердің тоқ жүретін бөліктерімен жұмыс істеу алдында оны міндетті түрде электр қозғалтқышын сөндіру қажет және де пусктік құрылғысында немесе басқару кілтінде «Қоспа! Жұмыс жүріп жатыр» деген плакат іліну керек.

1000 В- тан жоғары кернеудегі электр қозғалтқышын сөндіргенде және іске қосқанда арнайы диэлектрик қолғаптарды киіп атқару керек.

Электр қозғалтқышымен жұмыс жасағанда жерлендіргішті кабелге немесе тарату құрылғысындағы жалғасуға орналастырады. Ал механизммен жұмыс жасағанда, егер де ол жұмыс айналып тұрған бөліктеріне байланысты болмаса немесе қосылу муфтасы ажыратылған болса, электр жетектің қорек кабелін жерлендірудің қажеті жоқ.

Жоғары жылдамдықта жұмыс істеп тұрған электр қозғалтқышының пайдаланбайтын орамдары да, қорек көзі кабелі де кернеу астындағы бөліктері ретінде қарастырылады. Электр қозғалтқышының айналып тұрған бөліктерінің жұмысы кезінде қоршауларды алуға тыйым салынады.

Ал енді сол тұрақты тоқ қозғалтқышына қосылған көтерме кранды пайдаланбас бұрын ескерілетін жайттарды айта кетсек.

Біріншіден, көтерме кран жобаланған документтерге сәйкес келетін стационар фундаментте орналастырылуы керек. Екіншіден, краншы жұмыс істер алдын оқып үйретілу керек, негізгі құрылысын және жұмыс принципін білуі керек. Және де кранды қалай да жұмыс жағдайында дұрыс ұстауды, техника қауіпсіздігінің ережелерін сақтауы керек. Үшіншіден, көтерме кранының жұмыс жасау климаты  $20^{\circ}\text{C}$ - $+40^{\circ}\text{C}$ , ал жел жылдамдығы 6 балдан аз болуы тиіс. Төртіншіден, нысанды өзгерткенде, қайта орналастырғанда және кран жұмыс істемей бір айдан аса уақыт тұрып қалса, міндетті түрде бос жүріс режимінде және жүктемеде сынақ жүргізген, барлық механизмдерін реттеп алған абзал. Содан соң ғана қондырғыны пайдалануға болады. Жүктемедегі сынақта номиналды жүктемеден 110%- да жүргізеді.

Бесіншіден, егер көтерме кранмен түнгі уақытта жұмыс жасалынатын болса, кранның өзінің жарықтандырылуымен қатар аймақтың өзі де жарықтандырылады. Алтыншыдан, жүргізуші кабинасында келесідей жанарөмайларды сақтауға болмайды: жағармай мен майланған ветошь. Ал қысқы айларда кабинаны электр пештерімен жылытуға болмайды. Жетіншіден, көтерме кранның энергетикалық жүйесі сенімді жерлендірілген болуы керек (жерлендіргіштің кедергісі 4 Ом- нан аспауы тиіс), жаңбырлы ауа- райында көтерме кранның жанында жүруге болмайды. Сегізіншіден, кранда жұмыс істейтіндер штаты құрылып, ол тізімде жоқ жұмысшыларға жүргізуші кабинасына кіруге рұқсат берілмейді. Энергетикалық жүйедегі болған қателіктерді жөндеуге екі жұмысшыдан аз емес электриктер тағайындалады.

Жалпы техникалық қауіпсіздік жайлы айтатын болсақ, техникалық қауіпсіздік ережелерін төменде көрсетілген:

- өндірісте машиналар мен қондырғылармен жұмыс істеуге 18 жасқа толған машиналарды басқаруға рұқсаты бар, медициналық қараудан өткен, арнайы нұсқаулықпен танысқан адамдар жұмыс жасайды;

- техника қауіпсіздігінен курстық дайындау үкімші органмен жүргізіледі, алынған нұсқаулардың нәтижелерді арнайы документтерде тіркеледі;

- өндірісте СНиП- те көрсетілген техника қауіпсіздігіне байланысты таңдалады, өндірістің аумағы шарбақпен қоршалынады және де аумақ түнгі уақытта, қараңғы жағдайда жақсы жарықтандырылады;

- зауыт өрт сөндіру құрылғыларымен жабдықталады;

- зауыттағы қондырғылар мен машиналармен жұмыс істеуге рұқсат етілмеген адамдарға жұмыс жасау зонасында жүруге тыйым салынады;

- қоймадағы жұмысшылар мен операторлар респираторда, қорғаныс көзілдіріктерінде және арнайы киімде жұмыс жасайды;

- зауыттың жұмыс аудандары, өткелдер, галереялар, баспалдақтар таза болуы тиіс және жұмыс аудандарында бөтен заттарды қоюға болмайды, цементті шаңмен ластанған орындар әрдайым тазартылады;

- жұмыс алдында машинист машинаның жағдайын тексеріп, ақауларды жою керек, машинада бөтен заттардың болмағаның байқап, конвейерлі сызықтың жетекті бөлемін тексереді, жүктейтін және жүктелетін аудандарды қарап, олардың материалдарды қабылдау немесе беруін тексереді, содан кейін ғана ауысым шебері кезекшілік кітапшасына тіркеліп болған соң жұмысына кіріседі, ол кітапшаны кейіннен кезекші механик тексереді;

- трансмиссия бөліктері (белбеу, тізбектер, канаттар валдар және т.б.) еденнен 2 м төмен орналаспауы керек, ал өту бөлімдерінде олар жақсы бекітеледі;

- галереяларда, траншеяда конвейерді орналастырғанда конвейердің шығыңқы бөлігі мен дуал арасында 0,75 м кем емес өтетін жер болуы керек, ал конвейердің төбесі мен төбе арасы 0,6 м кем емес, конвейердің жұмыстық

бөлімі мен еден арасы 0,8 м кем болмайды және конвейерлік галерея жақсы жарықтандырылады;

- конвейерлі өтемелер ені 1 м кем емес көпір теріздер болады, ал егер де конвейердің астында өтемелер болатын болса, абайсызда ауыр заттар қулаудан қорғау мақсатында жақсы қорғалады;

- цемент зауытындаға жұмысшылар үшін ыстық және суық суы бар душтық кабиналар, дәретханалар, өз киімдері мен арнайы жұмыс киімдерін сақтайтын шкафтар, дәрілер болатын бөлме, таза суы бар демалыс орындары болады және т.с.с

### **3.2 Электрлік қауіпсіздік бойынша қорғаныс құрылғылары. Қорғаныстық жерлендіруді есептеу**

Электр тогы адам арқылы өткенде оған биологиялық, жылулық, механикалық, химиялық әсер беруі мүмкін. Биологиялық әсер ретінде электр тогының адам организмдегі тірі ткандарды қоздыру ерекшеліктерін жатқызуға болады. Жылулық әсерге дененің күюін жатқызуға болады. Механикалыққа тканьнің үзілуін. Ал организмге әсер ету сипаты және алынатын жарақаттылық деңгейі көптеген факторларға тәуелді. Бұл факторларға мыналар жатады:


- токтың шамасы;
- кернеудің мөлшері;
- әсер ету уақыты;
- токтың түрі және жиілігі;
- тұйықталу жолы;
- адам денесінің кедергісі;
- қоршаған орта;
- назар аудару факторы.

110кВт болатын асинхронды қозғалтқышты жерге қосу құрылғысына есептеме жүргіземіз.

Жерге тұйықталған ТМ-1000/10 типті трансформатор қолданамыз.

Кабель ұзындығы-150м,мыс сымның қимасы ;

ПН-2 сақтандырғышын қолданамыз :(  $I_{ном}=100A$ ).



18 сурет – Электр қозғалтқыштың жерге қосу схемасы

Қысқа тұйықталу тоғы формула бойынша сымдық желілер арқылы анықталады:

$$I_0 = \frac{U_0}{R_0 + R_i + \frac{z_0}{3}} = \frac{220}{0,058 + 0,097 + 0,09} = 897,9 \text{ А}, \quad (3.1)$$

$\frac{z_0}{3} = 0,009 \text{ Ом}$  - ТМ-1000/10 типті трансформатордың есептік кедергісі ;  
 $R_0, R_i$  - фазалы және нөлдік сымның активті кедергісі ;

$$R_0 = R_\phi \cdot L = 0,38 \cdot 0,15 = 0,058 \text{ Ом}, \quad (3.2)$$

$R_\phi = 0,38 \text{ Ом/км}$  – фазалық сым үшін кедергісі ;  
 $L = 150 \cdot 10^{-3} \text{ км}$  - фазалы және нөлдік сымның ұзындығы ;

$$R_i = R_n \cdot L = 0,65 \cdot 0,15 = 0,097 \text{ Ом}, \quad (3.3)$$

$R_n = 0,63 \text{ Ом/км}$  – нөлдік сым үшін кедергі.  
 Желідегі фазалық кернеу:

$$U_0 = U_n / 1,73 = 380 / 1,73 = 220 \text{ В}. \quad (3.4)$$

Ток еселігін формула бойынша анықтаймыз:

$$E_0 = I_0 / I_n \geq E_e, \quad (3.5)$$

$E_e = 3$  – рұқсат етілген ток еселігі;  
 $I_n$  - сақтандырғыштың номиналды тоғы ПН-2 ( $I_n = 100 \text{ А}$ ).  
 Шарттың орындалуы:



$$E_0 = 897,9/100 = 8,97 > 3.$$

Жерге қатысты максималды кернеуді анықтаймыз:

$$U_0 \geq U_c = I_0 \cdot z_1, \quad (3.6)$$

$I_0 = 897,9$  А - біліктегі тұйықталу тогы;

$z_1 = R_1 = 0,097$  – нөлдік сым кедергісі;

$U_c = 200$  В – адамға сезілу кернеуі 0,1 с уақыт аралығындағы.

$$U_c = 897,9 \cdot 0,097 = 87 \text{ В}. \quad (3.7)$$

Оындалу шарты:

$$87 < 200 \text{ В}.$$

### 3.3 Өрт қауіпсіздігі. Автоматты өрт сөндіру жүйесін есептеу

Өндірістегі өрттердің негізгі себептеріне құрал-жабдықтардың технологиялық жұмыс тәртібінің бұзылуы, электр жабдықтарының ақаулылығы, жабдықтардың жөндеу жұмыстарына нашар дайындалығы, әртүрлі материалдардың өздігінен жануы және т.б. жатады.

Жарылыс кезінде өртті болдырмау үшін ыстық жанғыш, жарылысқа қауіпті ортаның пайда болуына мүмкіндік бермей, оталдыру көзінің пайда болуына кедергі жасау керек.

Өрт шығып оның күшею себептері мына жағдайлардан болады:

1. жану зонасында жанғыш затпен белгілі сандық және сапалық қатынаста болуы керек;
2. жану ортасы мен тұтану көзі өзара түйісу керек;
3. тұтандыру көзінің температурасы жану ортақ өздігінен жану температурасына дейін қыздыру керек;
4. Жанғыш заттар бар жерде ашық отты абайсыз қолдану;
5. Жылыту жүйесін электр желісін электр қондырғыларын дұрыс пайдалану;
6. Газ, бу, шаң газ баллоны, компрессорлардың жарылуы;
7. Жанғыш заттардың өздігінен тұтануы;
8. Жанармай, бояу материалдары және басқа жанғыш сұйық заттарды дұрыс сақтамау;
9. құрал-жабдықтардың қатты қызуы

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады.

Өрт қауіпсіздігі өрттің алдын алу шаралары мен және белсенді өрт қорғанысымен қамтамасыз етіледі. Өрттің алдын алу болып өртті болдырмау

немесе оның салдарын азайтуға бағытталған іс-шаралардың кешені саналады. Белсенді өрт қорғанысы – бұл өрт немесе жарылысқа қауіпті жағдайларымен белсенді күресуді қамтамасыз ету шаралары.

Өрттің алдын-алу шаралары:

- құрылыстық-жобалау;
- техникалық;
- ұйымдастырушылық;

*Құрылыстық-жобалау шаралары* - ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділігімен анықталады (конструкция материалдары жанғыш, қиын жанатын, жанбайтын болып бөлінеді). Отқа төзімділік шегі дегеніміз – бұл оттың әсерінен құрылыс конструкцияларының бірінші сызат пайда болғанға дейінгі шыдайтын уақыт интервалы. Барлық құрылыс конструкциялары отқа төзімділік шегі бойынша 8 деңгейге бөлінеді. Ғимараттардың отқа төзімділік деңгейіне байланысты өрт кезінде эвакуациялау үшін шығатын жерлерге дейінгі қашықтықтар белгіленеді.

*Техникалық шаралары:*

- өмірге қажетті жүйелерді (жылу, жарықтандыру, вентиляция т.б.) орнатқан кездерде өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау;
- құрал-жабдықтар жұмысының тәртібі мен технологиялық процестер параметрлерін сақтау;
- әртүрлі қорғану жүйелерін пайдалану.

*Ұйымдастырушылық шаралар* - құрамына өрт қауіпсіздігі бойынша оқу өткізу, өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуын тексеру кіреді

*Өртті болдырмау шаралары*

Барлық өрт қауіпсіздігінен орындалатын шаралар 4 түрге бөлінеді:

а) кәсіпорынды жобалаған кезде болатын техникалық шаралар, олар:

- 1) ғимараттың өртке төзімділігін анықтау;
- 2) ғимарат подъездерінің жобалануы;
- 3) ғимараттардың өртке қарсы ара қашықтығын ескеру;
- 4) ғимаратты найзағайдан қорғау.

б) Эксплуатациялық шаралар:

- 1) ұйымдастыру шаралары;
- 2) режимдік шаралар.

*Техникалық шаралар.*

Барлық ғимараттар, егер ірі кешендер болса, жел туруына байланысты салынады. Өрт қауіпсіздігі бойынша барлық кәсіпорындарының орналасу арақашықтығы өндіріс категориясына байланысты есептелінеді.

Өндіріс категориясы:

- А – жарылу қауіпі бар;
- Б,В - өрт және жарылу қауіпі бар;
- Г,Д- өрт қауіпі бар.

Барлық ғимараттар екіге бөлінеді:

- 1) өрт қауіпі бар, егер ғимарат ішінде біртексіз жанғыш қоспа болса;
- 2) жарылу қауіпі бар, егер біртекті жанғыш заттар болса.

Сонымен, өрт қауіпіне қарсы ара қашықтықтар (минималды ара қашықтық – 9 метр, егер А және Б өндіріс дәрежесі болса 60 м астам) таңдап алынады.

Өрт болғанда құрылыс материалдар мен конструкциялардың өз қалпында сақталу қасиеті - өртке төзімділік дәрежесі деп аталады. Ол өртке төзімділік шегімен және құрылыс материалдың жану тобы бойынша анықталады.

Өртке төзімділік шегі дегеніміз өрт болған жағдайда құрылыс материалдардың конструкциялардың еш өзгеріссіз тұру уақыты.

Максималды – 4 сағат, өртке қарсы қоршаулар, 2-сағат – жай қоршаулар өртке қарсы тура алады. Жану тобы: а) жанбайтын құрылыс материалдар ( өрт болған кезде жанбай түтіндейді, егер өрт көзін сөндірген жағдайда түтіндеу процесі аяқталады);

б) қиын жанатын – жануы мүмкін бірақ өрт көзін тоқтатқан жағдайда түтіндену процесі жалғаса береді; в) жанатын ( егер өрт көзін сөндірсе де жана беретін құрылыс материалдар).

Өрт төзімділігінің 5 дәрежесі бар: 1 - ең қымбат құрылыс материалдар, бұл құрылыс материалдар өрт болған кезде 2,5 сағат өртке төзе алады ( А өндіріс дәрежесі); Өндірістік кәсіпорындарда 3-4 дәрежелі өртке төзімділігі 1,5 сағат құрайды ( қиын жанатын және мүлдем жанбайтын құрылыс материалдар).

*Өрттің алдын-алу бойынша жасалатын шаралар:*

- а) жұмысшыларға нұсқау беру;
- б) өрт сөндіру әдістері мен заттары.

*Өртке қарсы шаралар*

- Жану зонасымен жаңғыш затты салқындату;
- Жаңған затты атмосфера ауасынан оқшаулату;
- 3. Жану реакциясы төмендететін химиялық заттарды қолдану
- Жану зонасына жанбайтын заттарды енгізу;
- Жаңғыш затты жану зонасына оқшаулау.

### **3.4 Автоматты өрт сөндіру жүйесін есептеу**

Қорғалатын цех ауданы 12x8 м, биіктігі 4 м тарату құрылғысының бөлмесі. Сорғы станциясы мен қорғайтын бөлменің қоректенетін құбырының кірісіне дейінгі ара қашықтығы 85 м. Сыртқы су құбыр желісінің арыны 30 м. Берілген бөлме отқа төзімділігі бойынша 3 категориялы бөлмелер қатарына жататындықтан спринкерлі құрылғының су жіберу қарқындылығы  $J=0,24$  л/см<sup>2</sup>, есептеудің минимал ауданы 70 м<sup>2</sup>, сөндіру уақыты 60 минут, бір спринкерлі су сепкіштің қорғау аумағы  $F_c=12$  м<sup>2</sup> (кесте 1, НПБ 88).

Гидравликалық есептеуге қатысатын су сепкіштердің саны:

$$n = \frac{F_p}{F_c} = 6 \text{ шт.} \quad (3.8)$$

Су сепкіштің диаметрін анықтау

Тарату құрылғысының бөлмесі үшін үшін СВН-11 маркалы ұнтақты су сепкішін таңдаймыз. Су сепкіштің шығысының диаметрі  $D=10$  мм ( $K=0,31$ ;  $H_{\min}=2$  м.), суландыру радиусы 2м, розеткасы төмен орнатылған аспалы төбеде бекітіледі.

Бастапқы сусепкіштегі қажетті ағысты келесі формуламен анықтаймыз:

$$H_I = \max \left\{ \left( \frac{I_n \cdot F_c}{k H_{\min}} \right) \right\}, \quad (3.9)$$

мұндағы,  $I_n$  – суландырудың нормаланған қарқындылығы, л/(с·м<sup>2</sup>);  
 $F_c$  – спринклермен суландырудың жобаланған ауданы, м<sup>2</sup>;  
 $k$  – су сепкіштің өнімділік коэффициенті, л/(с·м<sup>2</sup>);  
 $H_{\min}$  – спринклердің минимал ағыны, м.

Бастапқы су сепкіштегі судың шығыны келесідей анықтайды:

$$Q = k \sqrt{H} \quad \text{л/с.} \quad (3.10)$$

Келесі кез келген спринклердегі су ағысы төмендегідей анықталады:

$$H_{ал} = H_{ар} + \frac{I_{а.ш} Q_{а.ш}^2}{K_T}, \quad (3.11)$$

мұндағы,  $H_{ал}$  - алдындағы спринклердің ағысы, м;  
 $l_{а.ш}$  - қарастырылып жатқан аймақтың ұзындығы, м;  
 $Q_{а.ш}$  - қарастырылып жатқан аймақтағы шығын, л/с;  
 $K_T$  - құбырдың үйкеліс сипаттамасы, л<sup>2</sup>/с<sup>2</sup>, құбыр диаметріне байланысты.

Құбыр диаметрі келесі формуламен анықталады:

$$D_{mp} = \sqrt{\frac{4 Q_{а.ш} 10^{-3}}{n V}} \text{ м,} \quad (3.12)$$

мұндағы,  $V$  – қарастырып жатқан аумақтағы құбыр арқылы өтетін судың жылдамдығы (3...5 м/с аралығында қабылдайды).

Сонымен

$$\begin{aligned} H_{\text{дикт}} &= H_I = \left( \frac{I_n \cdot F_c}{k H_{\min}} \right)^2 \text{ м;} & (3.13) \\ H_{\text{дикт}} &= \left( \frac{0,24 \cdot 12}{0,31} \right)^2 = 86,3 \text{ м;} \\ Q_1 &= 0,31 \sqrt{86,3} = 2,88 \frac{\text{л}}{\text{с}}. \end{aligned}$$

Құбырдың шартты өту диаметрін анықтаймыз.

Қатардың оң жақ тармағында екі су сепкіш орнатылған, сондықтан қатар бойынша максималды су шығыны:

$$Q=6Q_1=6 \cdot 2,88 = 17,28 \frac{\text{л}}{\text{с}}. \quad (3.14)$$


Құбыр бойымен өтетін су жылдамдығы  $V=5$  м/с , (4.12) формула бойынша:

$$D_{\text{mp}} = \sqrt{\frac{4 \cdot 17,28 \cdot 10^{-3}}{3,14 \cdot 5}} = 20,9 \text{ мм}.$$

Қатардағы барлық құбырдың шартты өту диаметрін 25 мм деп аламыз. Сорғының есептік өнімділігі:

$$Q=Q_{\text{бар}}=17,28 \text{ л/с}.$$

Осы мәндерді ескере отырып К 100-65-250 сериялы насосын таңдаймыз. Сорғы қуаты 65 кВт.



- 1-қолмен іске қосу қысқышы ; 2- құбыр арқылы бағытталған жүк;  
3-құлыптау құрылғысы; 4-сығылған газды баллон; 5-өрт сөндіргіш корпусы;  
6-пневматикалық клапан; 7-трос; 8-балқитын құлып; 9-тесік  
19 сурет – Ұнтақты өрт сөндіру құрылғысының сұлбасы

## 4 Экономикалық бөлім

### 4.1 Экономикалық анықтамалар мен теориялық шолу

Бұл дипломдық жұмыста мен жобаланып жатқан асинхронды қозғалтқышының құны мен бағасын анықтаймын. Сондықтан экономикалық тұрғыдан қозғалтқыштың құны мен бағасына анықтамалар беріп өтсек.

Жобаланған асинхронды қозғалтқышына экономикалық есептеулер жүргізу қажет, яғни сол асинхронды қозғалтқышын жасағанда және пайдаланғанда кететін шығынды есептейміз.

Шығын негізінен асинхронды қозғалтқышының дұрыс жобалануына байланысты болады, яғни келесідей көрсеткіштер оның дұрыс пайдалануына әсерін тигізеді:

- ПӘК-і;
- қозғалтқыштың қуаты;
- және де т.с.с. көрсеткіштер.

Төменде мен менің дипломдық жұмысымда жобаланған асинхронды қозғалтқышының құнын есептеуге экономикалық есептеулер жүргіздім.

Жобаланған қозғалтқыштың құны негізінен оның активті және конструкциялық материалдарына тікелей тәуелді болады, ал қалған материалдардың құны қандай да бір мөлшерде активті және конструкциялық материалдардың шығынына байланысты болады.

### 4.2 Экономикалық есептеу бөлімі

Менің жобаланған асинхронды қозғалтқышының негізгі материалдары болат пен мыс болып табылады. Олар қазіргі кезде мәліметтерге сүйенсек, болаттың 1 кг 1000 теңге, ал мыстың 1 кг 900 теңге тұрады.

Ендеше жобаланған асинхронды қозғалтқышының құны төмендегідей өрнекпен анықталады:

$$C_k = C_7 + C_{ай.} + A_0 + C_{Э.Н.} + A_n + M + C_{с.н.} \text{ тг,} \quad (4.1)$$

мұндағы  $C_7$ - асинхронды қозғалтқышын жобалағанда материалдарға кететін шығынның мөлшері;

$C_{ай.}$ - асинхронды қозғалтқышын жобалағанда жұмыс істеген отрядтың жалақысының мөлшері;

$C_{Ц.Н.Р.}$ - цехтық қосымша шығындар шамасы;

$C_{Э.Н.Р.}$ - барлық зауыттың қосымша шығын мөлшері.

Материалдарғы кеткен барлық шығын мөлшері:

$$C_7 = C_1 + C_2 + C_3 + C_4 + C_5 + C_6 \text{ тг,} \quad (4.2)$$

мұндағы  $C_1$ - негізгі бөліктерді жасауға пайдаланылған

электротехникалық болаттың шығыны;  
 $C_2$ - мыс сымның шығыны;  
 $C_3$ - алюминидің шығыны;  
 $C_4$ - оқшаулағыш материалдарының шығыны;  
 $C_5$ - құрылғыш материалдарының шығыны;  
 $C_6$ - қыстырғыш материалдарының шығыны.

Материалдарға кеткен шығынның мөлшерін есептеу үшін, ең алдымен, жобаланып жатқан асинхронды қозғалтқыштың бөліктерінің массасын анықтау қажет. Олай болса, төменде асинхронды қозғалтқыштың жобаланған мәндеріне байланысты массасын анықтаймыз:

Статордың мойынтұрығы:

$$G_{a1} = \pi(D_{a1} - h_{a1})h_{a1} \cdot l_1 \cdot \kappa_c \cdot \gamma_{cm} = 3,14(0,66 - 0,0158) \cdot 0,0158 \cdot 0,27 \cdot 0,95 \cdot 7,8 \cdot 10^3 = 63,9 \text{ кг}, \quad (4.3)$$

$\gamma_{ст} = 7,8 \cdot 10^3 \text{ кг/м}^3$  – болаттың тығыздығы.

Статордың тістері:

$$G_{z1} = h_{n1} \cdot b_{z1} \cdot Z_1 \cdot l_1 \cdot \kappa_c \cdot \gamma_{бол} = 0,069 \cdot 0,0043 \cdot 90 \cdot 0,27 \cdot 0,95 \cdot 7,8 \cdot 10^3 = 53,4 \text{ кг}. \quad (4.4)$$

Ротордың мойынтұрығы:

$$G_{a2} = \pi(D_2 - 2h_{n2} - h_{a2}) \cdot h_{a2} \cdot l_1 \cdot \kappa_c \cdot \gamma_{бол} = 3,14(0,489 - 2 \cdot 0,0463 - 0,020) \cdot 0,020 \cdot 0,27 \cdot 0,95 \cdot 7800 = 52,3 \text{ кг}. \quad (4.5)$$

Ротордың тістері:

$$G_{z2} = h_{n2} \cdot b_{z2} \cdot Z_2 \cdot l_1 \cdot \kappa_c \cdot \gamma_{бол} = 0,0463 \cdot 0,010 \cdot 40 \cdot 0,27 \cdot 0,95 \cdot 7,8 \cdot 10^3 = 37 \text{ кг}. \quad (4.6)$$

Болаттың жалпы массасы:

$$G_{cm} = G_{a1} + G_{z1} + G_{a2} + G_{z2} = 63,9 + 53,4 + 52,3 + 37 = 206,6 \text{ кг}. \quad (4.7)$$

Статор орамасындағы мыс сымның массасы:

$$G_M = m_1 \cdot a \cdot L_{a\text{ин}} \cdot S_1 \cdot w_1 \cdot \gamma_M = 3 \cdot 3 \cdot 0,17 \cdot 6,55 \cdot 10^{-6} \cdot 46,3 \cdot 8,9 \cdot 10^3 = 4,12 \text{ кг}, \quad (4.8)$$

мұндағы  $\gamma_M = 8,9 \cdot 10^3 \text{ кг/м}^3$  – мыстың тығыздығы.

Бекітілген сақиналарының және вентиляциялық қалақшаларының алюминий өзекшелерінің массасы.

Өзекшелерінің массасы:

$$G_c = S_c \cdot l_1 \cdot Z_2 \cdot \gamma_{ал} = 126 \cdot 10^{-6} \cdot 0,27 \cdot 40 \cdot 2,7 \cdot 10^3 = 3,6 \text{ кг}, \quad (4.9)$$

мұндағы  $\gamma_{ал} = 2,7 \cdot 10^3 \text{ кг/м}^3$  – алюминидің тығыздығы.

Сақиналарының массасы:

$$G_k = 2\pi \cdot D_{к.ор.} \cdot S_k \cdot \gamma_{ал} = 2 \cdot 3,14 \cdot 0,121 \cdot 460 \cdot 10^{-6} \cdot 2,7 \cdot 10^3 = 0,94 \text{ кг}; \quad (4.10)$$

$$D_{к.ор.} = D_2 - h_k = 0,151 - 0,03 = 0,121 \text{ м}. \quad (4.11)$$

Алюминидің жалпы массасы:

$$G_{ал} = 1,2(G_c + G_k) = 1,2(3,6 + 0,94) = 5,4 \text{ кг}. \quad (4.12)$$

Вентиляциялық қалақшаларының коэффициенті 1,2  
Активті материалдарының массасы:

$$G_{а.м.} = G_{бол} + G_M + G_{ал} = 206,6 + 4,12 + 5,4 = 216,1 \text{ кг}. \quad (4.13)$$

Конструкциялық материалдарының массасы:

$$G_{к.м.} = 1,25 \cdot G_{а.м.} = 1,25 \cdot 216,1 = 270,1 \text{ кг}. \quad (4.14)$$

Қозғалтқыштың жалпы массасы:

$$G_{д.в.} = G_{а.м.} + G_{к.м.} = 216,1 + 270,1 = 486,2 \text{ кг}. \quad (4.15)$$

Негізгі бөліктерді жасауға пайдаланылған электротехникалық болаттың шығыны төмендегіде анықталады:

$$C_1 = 1,1 \cdot \kappa_{бол} \cdot G_{бол} \text{ тг}, \quad (4.16)$$

мұндағы  $\kappa_{бол} = 1000$  тенге/кг – 0,5 мм 2013 маркалы бір килограмм болаттың бағасы;  
 $G_{бол}$  - болаттың массасы.

$$C_1 = 1,1 \cdot 1000 \cdot 206,6 = 227260 \text{ тг}.$$

Мыс сыманының шығыны:

$$C_2 = \kappa_{м.н.} \cdot G_M = 900 \cdot 4,12 = 3708 \text{ тг}, \quad (4.18)$$

мұндағы  $C_3$ - алюминийдің шығыны;  
 $C_4$ - оқшаулағыш материалдарының шығыны;  
 $C_5$ - құрылғыш материалдарының шығыны;  
 $C_6$ - қыстырғыш материалдарының шығыны.

Алюминидің шығыны:

$$C_3 = \kappa_{ал} \cdot G_{ал} = 105 \cdot 5,4 = 567 \text{ тг}. \quad (4.19)$$



Оқшаулағыш материалдарының шығыны:

$$C_4 = 0,45 \cdot C_2 = 0,45 \cdot 3708 = 1668,6 \text{ мг.} \quad (4.20)$$

Құрылғыш материалдарының шығыны:

$$C_5 = 1,75 \cdot C_1 = 1,75 \cdot 227260 = 397705 \text{ мг.} \quad (4.21)$$

Қыстырғыш материалдарының шығыны:

$$C_6 = 0,05 \cdot C_5 = 0,05 \cdot 397705 = 19885,2 \text{ мг.} \quad (4.22)$$

Материалдарғы кеткен барлық шығын мөлшері:

$$\begin{aligned} C_7 &= C_1 + C_2 + C_3 + C_4 + C_5 + C_6 = \\ &= 227260 + 3708 + 567 + 1668,6 + 397705 + 19885,2 = 650793,8 \text{ мг.} \end{aligned} \quad (4.23)$$

### 4.3 Асинхронды қозғалтқыштың өзіндік құнын есептеу

2 кесте - Сатып алынатын бөліктер

№	Аты	Саны	Бағасы
1	Бұранда М8	4 шт.	20
2	Бұранда М6	16 шт.	30
3	Бұранда М4	18 шт.	45
8	Подшипниктер	2 шт.	5000
9	Лак	0,4 л	500

Сатылып алынатын бөліктердің жалпы бағасын есептейміз:

$$C_{c.a} = \sum (C_{c.a} \cdot K_u) = 4 \cdot 20 + 16 \cdot 30 + 18 \cdot 45 + 2 \cdot 5000 + 0,4 \cdot 500 = 11570 \text{ тг.} \quad (4.24)$$

Тасымалдау шығыны:

$$\begin{aligned} C_{тр} &= (C_{\text{мат}} + C_{c.a}) / 100\% \cdot k_{тр} = \\ &= (650793,8 + 11570) / 100 \cdot 8 = 52989,1 \text{ тг,} \end{aligned} \quad (4.25)$$

мұндағы  $k_{тр} = 8\%$  - тасымалдау шығынының пайызы.

Өндірістік жұмысшылардың негізгі жалақысы:

$$C_{ж} = 60000 \text{ тг.} \quad (4.26)$$

Жұмысшылардың сыйақысы:

$$C_c = C_{ж} / 100\% \cdot \kappa_c = 60000 / 100 \cdot 30 = 18000 \text{ тг}, \quad (4.27)$$

мұндағы  $\kappa_c = 30\%$  - сыйақы мөлшерінің пайызы.  
Жұмысшылардың қосымша жалақысы:

$$C_{\kappa} = (C_{ж} + C_c) / 100\% \cdot \kappa_{\kappa} = (60000 + 18000) / 100 \cdot 15 = 11700 \text{ тг}, \quad (4.28)$$

мұндағы  $\kappa_{\kappa} = 15\%$  - қосымша жалақының пайызы.  
Әлеуметтік салық:

$$\begin{aligned} C_{\text{сал.}} &= (C_{ж} + C_c + C_{\kappa}) / 100\% \cdot \kappa_{\text{сал.}} = \\ &= (60000 + 18000 + 11700) / 100 \cdot 11 = 9867 \text{ тг}, \end{aligned} \quad (4.29)$$

мұндағы  $\kappa_{\text{сал.}} = 11\%$  - әлеуметтік салық пайызы.  
Жұмысшылардың жалпы жалақысы:

$$\begin{aligned} C_{\text{ж.ж}} &= C_{ж} + C_c + C_{\kappa} + C_{\text{сал.}} = \\ &= 60000 + 18000 + 11700 + 9867 = 99567 \text{ тг}. \end{aligned} \quad (4.30)$$

Цехтағы шығындар:

$$C_{\text{ц}} = (C_{ж} \cdot \kappa_{\text{ц}}) / 100\% = (60000 \cdot 50) / 100 = 30000 \text{ тг}, \quad (4.31)$$

мұндағы  $\kappa_{\text{ц}} = 50\%$  - цех шығынының пайызы.  
Амортизациялық шығындар:

$$C_a = (C_{ж} \cdot \kappa_a) / 100\% = (60000 \cdot 110) / 100 = 66000 \text{ тг}, \quad (4.32)$$

мұндағы  $\kappa_a = 110\%$  - амортизациялық шығындардың пайызы.  
Цехтағы өзіндік құны:

$$\begin{aligned} K_{\text{ц}} &= C_7 + C_{\text{с.а}} + C_{\text{тр}} + C_{\text{ж.ж}} + C_a + C_{\text{ц}} = \\ &= 650793,8 + 11570 + 52989,1 + 99567 + 30000 + 66000 = 910919,9 \text{ тг}. \end{aligned} \quad (4.33)$$

Жалпы заводтық шығындар:

$$C_3 = (C_{ж} \cdot \kappa_3) / 100\% = (60000 \cdot 40) / 100 = 24000 \text{ тг}, \quad (4.34)$$

мұндағы  $\kappa_3 = 40\%$  - заводтағы шығындардың пайызы.  
Өндірістік өзіндік құны:

$$K_{\theta} = K_{\text{ц}} + C_3 = 910919,9 + 24000 = 934919,9 \text{ тг}. \quad (4.35)$$

Басқа да өндірістік шығындар:

$$C_{\text{б.ө}} = (K_{\text{ө}} \cdot k_{\text{б.ө}}) / 100\% = (934919,9 \cdot 2) / 100 = 18698,3 \text{ тг.} \quad (4.36)$$

мұндағы  $k_{\text{б.ө}} = 2\%$  .

Жалпы заводтық өзіндік құны:

$$K_3 = K_{\text{ө}} + C_3 + C_{\text{б.ө}} = 934919,9 + 24000 + 18698,3 = 977618,2 \text{ тг.} \quad (4.37)$$

Өндірістік емес шығындар:

$$C_{\text{ө.е}} = (K_3 \cdot k_3) / 100\% = (977618,2 \cdot 1,5) / 100 = 14664,2 \text{ тг.} \quad (4.38)$$

мұндағы  $k_3 = 1,5\%$  .

Қозғалтқыштың толық өзіндік құны:

$$K_T = K_3 + C_{\text{ө.е}} = 977618,2 + 14664,2 = 992282,4 \text{ тг.} \quad (4.39)$$

Енді мен осы қозғалтқышты сатқанда үстінен түсетін пайданы есептеймін, яғни жобаланып жатқан қозғалтқыштың шығынының 4,4%-ы пайда болып табылады:

$$\Pi = (K_T \cdot k_{\Pi}) / 100\% = (992282,4 \cdot 4,4) / 100 = 43660,4 \text{ тг.} \quad (4.40)$$

мұндағы  $k_{\Pi} = 4,4\%$  .

Жалпы бағасы:

$$B = K_{\text{ө}} + \Pi = 992282,4 + 43660,4 = 1035942,8 \text{ тг.} \quad (4.41)$$

#### 4.4 Экономикалық тиімділігін анықтау

Жылдық экономикалық тиімділікті анықтау базалық және жаңа техникаға кететін келтірілген шығындарды салыстыруға негізделген. Жаңа техниканы пайдаланғанның соңында кірістердің көбеюімен өрнектелген жылдық экономикалық тиімділік барлық өндірістік ресурстардың қосынды экономикасын көрсетеді.

Жаңа қозғалтқыштың жылдық өзіндік құнын есептеу үшін бір қозғалтқыштың өзіндік құнына жылына шығарылатын қозғалтқыштың санын көбейтеміз:

$$K_H = K_1 \cdot N_{\text{жыл.б}} = 992282 \cdot 550 = 545755100 \text{ тг.} \quad (4.42)$$

3 кесте - Асинхронды қозғалтқыштың өзіндік құнының калкуляциясы

№	Шығынның аты	Жаңа қозғалтқыштың бағасы, теңге	Ескі қозғалтқыштың бағасы, теңге
1	Негізгі материалдар	650793	711222
2	Сатып алынатын бөліктер	11570	11570
3	Тасымалдау шығыны	52989	52989
4	Негізгі жалақы	60000	60000
5	Қосымша жалақы	11700	11700
6	Сыйақы	18000	18000
7	Әлеуметтік салық	9867	9867
8	Цехтағы шығындар	30000	30000
9	Амортизациялық шығындар	66000	66000
10	Жалпы өндірістік шығындар	24000	24000
11	Өндірістік емес шығындар	14664	14664
12	Басқа да өндірістік шығындар	18698	21450
13	Толық өзіндік құны	992282	1030234
14	Пайда	43660	45330
15	Бағасы	1035942	1075564
16	Өнім көлемі	550	550

Ескі қозғалтқыштың жылдық өзіндік құнын жоғарыдағы жаңа қозғалтқышты есептеу жолымен есептейміз:

$$K_6 = K_2 \cdot N_{\text{жыл.б}} = 1030234 \cdot 550 = 566628700 \text{ тг.} \quad (4.43)$$

Өзіндік құнының азаюынан болатын жылдық үнемдеу:

$$\Delta K = K_6 - K_n = 566628700 - 545755100 = 20873600 \text{ тг.} \quad (4.44)$$

Айнымалы шығындар:

$$\begin{aligned} v &= C_7 + C_{c.a} + C_{\text{тр}} + C_{\text{ж}} + C_{\text{к}} + C_{\text{с}} + C_{\text{сал.}} = \\ &= 650793,8 + 11570 + 52989,1 + 60000 + 11700 + 18000 + 9867 = 814920 \text{ тг.} \end{aligned} \quad (4.45)$$

Жалпы айнымалы шығындар:

$$V = v \cdot Q = 814920 \cdot 550 = 448206000 \text{ тг.} \quad (4.46)$$

Тұрақты шығындар:

$$f = C_{\text{ц}} + C_{\text{а}} + C_3 + C_{\text{б.ө}} = 30000 + 66000 + 24000 + 18698 = 138698 \text{ тг.} \quad (4.47)$$

Жалпы тұрақты шығындар:

$$F=f \cdot Q=138698 \cdot 550=76283900 \text{ тг.} \quad (4.48)$$

Бір қозғалтқыштың өзіндік құны:

$$C=v+f=814920+138698=953618 \text{ тг.} \quad (4.49)$$

Барлық қозғалтқыштың өзіндік құны:

$$C_o = C \cdot Q = 953618 \cdot 550 = 524489900 \text{ тг.} \quad (4.50)$$

Жалпы түсім:

$$R= C_r \cdot Q = 1035942 \cdot 550 = 569768100 \text{ тг.} \quad (4.51)$$

Жобаның жалпы түсіретін пайдасы:

$$P= R - C_o = 569768100 - 524489900 = 45278200 \text{ тг.} \quad (4.52)$$

Критикалық кездегі өндіріс көлемі:

$$N_{кр} = F / (C_d - v) = 76283900 / (1035942 - 814920) = 342,37 \text{ дана.} \quad (4.54)$$

Критикалық кездегі жалпы түсім:

$$R_{кр} = C_d \cdot N_{кр} = 1035942 \cdot 342,37 = 354675466 \text{ тг.} \quad (4.55)$$

Қаржылық тұрақтылық қоры:

$$З_{ф.у} = R - R_{кр} = 569768100 - 354675466 = 215092634 \text{ тг.} \quad (4.56)$$

Экономикалық тиімділігі:

$$K_{зф.у} = З_{ф.у} / R \cdot 100\% = 215092634 / 569768100 \cdot 100\% = 37,7\%. \quad (4.57)$$

Жоба шығындалмайтын жағдайдағы минималды сатылымдық бағасы:

$$C_{p.min} = F + V / Q = 76283900 + 448206000 / 550 = 77098820 \text{ тг,} \quad (4.58)$$

мұндағы R – жалпы түсім;

R<sub>кр</sub> – критикалық кездегі жалпы түсім.

Жоғарыда есептелген мәндерді пайдалана отырып жобаның өтелу мерзімін есептейміз:

$$Q_T = R / З_{ф.у} = 569768100 / 215092634 = 2,64 \text{ жыл.} \quad (4.59)$$

## Қорытынды

Бұл дипломдық жұмысты орындау барысында АВК-ка арналған асинхронды қозғалтқыштың негізгі параметрлерін таңдадым, Тақырыпта қуаты 110-кВт болатын АВК-ға арналған асинхронды қозғалтқыштың негізгі параметрлеріне есептеу жүргіздім және статордың паза сандарын анықтап статордың орамаларын санадым. Статор пазаларының мәндерін есептеп, фазалық ротордың орамаларын, темір өзекшенің және ротор пазаларының өлшемдерін, пазадағы эффектілі өткізгіштер және орам сандарын есептедім. Сонымен қатар магнит тізбегіне есептеулер жүргізілді. Статор және ротордың орамаларының активті және индуктивті кедергілерін, болаттағы, механикалық және қосымша шығындарды есептеп, асинхронды қозғалтқыштың жұмыс сипаттамаларының графиктерін тұрғыздым.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде АВК-ка арналған асинхронды қозғалтқыштың пайдаланудағы еңбек жағдайы қарастырылды. Жұмыс орнындағы негізгі қауіпті факторларды, жұмыс орнындағы электр қауіпсіздігін және өрт қауіпсіздігін талдадым. Қорғаныстық жерге қосу құрылғысына есептеме жүргізілді. Өрт кезіндегі жылу аймағының әсерін есептеу бойынша есеп шығардым.

Экономикалық бөлімде жобаланып АВК-ка арналған асинхронды қозғалтқыштың материалдық шығынын, тасымалдауға және тағы басқа шығындарды есептедім. Қозғалтқыштың өзіндік құнын есептеп, экономикалық тиімділігі 37,7%-ға тең және жобаның өтелу мерзімі 2,64 жылға тең.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Р.М.Шидерова, А.Н.Бестерекова Электр машиналары. Фазалық роторлы асинхронды қозғалтқыштар (Орамаларды және геометриялық өлшемдерді есептеу). Курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау (5В071800 – Электр энергетика мамандығының студенттерінің арналған).- Алматы: АЭБУ, 2011.–35бет.
2. Сагитов П.И., Р.М.Шидерова, А.Н.Бестерекова Электр машиналары. Фазалық роторлы асинхронды қозғалтқыштар (Параметрлерді және жұмыс сипаттамаларын анықтау). Курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау (5В071800 – Электр энергетикасы мамандығының студенттеріне арналған).- Алматы: АЭБУ, 2012.–22 бет.
3. Копылов И.П., Клоков Б.К., Морозкин В.П., Токарев Б.Ф. Проектирование электрических машин.–М:Высшая школа, 2002.
4. Проектирование электрических машин под ред. Н.П.Копылова. Москва, «Энергия» 1980.
5. А.С. Сандлер, Р.С. Сарбатов Автоматическое частотное управление асинхронного двигателя. Москва, «Энергия» 1974.
6. О.Д. Гольберг, Я.С. Гурин, И.С. Свириденко Проектирование электрических машин. Москва, «Высшая школа» 1984.
7. Я.С. Гурин, Б.И. Кузнецов, Проектирование электрических машин. Москва, «Энергия» 1978.
8. П.С. Сергеев, Н.В. Виноградов, Ф.А. Горяинов Проектирование электрических машин. Москва, «Энергия» 1969.
9. Автоматизированное проектирование электрических машин, под ред. Ю.Б.Бородулина. Москва, «Высшая школа» 1989.
10. Т.Е. Хакимжанов, Ж.С. Абдимуратов, С.Е. Мананбаева. Тіршілік қауіпсіздігі. Оқу құралы. А.: 2009.
11. Л.П. Кошулько и др. Производственное освещение. Методические указания к выполнению раздела в дипломном проекте. Алмата, изд. АИЭС, 1989.
12. Торгаев Ә.Ә.А.: АИЭС/ Өрт қауіпсіздігі негіздері. Дәрістер жинағы,2013.
13. М.К. Дюсебаев, Т.Е. Хакимжанов, Ж.С. Абдимуратов. А.:Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі.Дәрістер жинағы. 2013.
14. А.А. Жакупов, С.Г.Парамонов и др. Организация и планирование производства. Методические указания к выполнению курсовых работ. Алматы, изд.АИЭС 1998.
15. Н.Н. Синягин и др. Система планово-предупредительного ремонта электрооборудования и сетей промышленной энергетики. Москва 1978.
16. Т.Е. Хакимжанов Расчёт аспирационных систем. Методические указания к выполнению раздела в дипломном проекте. Алматы, изд.АИЭС 2002.